

Бекітемін:

Қ. Билялов атындағы

мектеп-лицейінің директоры: Қ. Исламов



Қ. Билялов атындағы мектеп-лицей бойынша құрылған

«Қамқоршылық» кеңестің жылдық жоспары.

2020-2021 оқу жылы

№	Іс шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп бюджетін жоспарлау. Мақсаты: мектеп бюджетінің ашықтығын қамтамасыз ету: Бюджет қаражатын мақсатты жұмсауды басқару, бюджетті әзірлеу және орындау үшін жауапкершілік деңгейін арттыру.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрайымы Мектеп директоры
2	Қамқоршылық құзыретін кіретін мәселелер бойынша ақпатар беруде мектеп қызметкерлеріне қызмет көрсету.	Үнемі	Мектеп әкімшілігі
3	Мектепке демеушілер, мектеп түлектерін тарту, мектепті дамытуға қайырымдылық көмек көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4	Қайырымдылық көмек көрсетуден түскен табыстарды келесі бағыттар бойынша мақсатты түрде жұмсау: аз қамтылған оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету; спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
5	Мектеп оқушыларының құқықтарын сақтау бойынша қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
6	Мектептегі медициналық көмек пен ыстық тағамның сапасына мониторинг жүргізу.	Жылына 2-рет Қазан - наурыз	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

**«Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ қамқоршылық кеңес отырысы
№ 2 ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ**

31.01.2020 ж

Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы

Қатысқандар: 8 адам (қамқоршылық кеңес мүшелері)

Қатыспағандар: 5

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жалпыға міндетті оқуға қамту қорының есебінен көмек беруді сұрап, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Бөкенов сөз алды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысымен таныстырып өтті. Осы Қағидалар "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының алқалы басқару органы болып табылады. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы.

Міне, осы қаулыда айтылған санатқа жататын 9 оқушының ата-аналарынан түскен өтініштерді қарап, қанағатандыру мақсатында кеңеске ұсынып отырғандығы айтылды.

Бірінші өтініш иесі Түсіпова Маржан, 6 а сыныбында баласы Наймангазин Нұрасыл оқиды. Екі баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Өзі жұмыс істемейді. Басқа табыс көзі жоқ, жәрдемақымен күнелтіп отыр. Екі баласы әртүрлі аусымда екі мектепте оқиды және баспанасы жаздық сарай. Түнгі уақытта жұмыс істеуге мүмкіншілігі жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алмау себебі тұрақты жұмысының болмауы.

Екінші өтініш берген Шағманова Жадыра, жолдасы от жағушы, маусымдық жұмыста. Өзі мүгедек балаға қарап отырғандықтан жұмыс істеуге мүмкіндігі жоқ. Отбасында 4 бала. Отбасының жиынтық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен асып кеткендіктен әлеуметтік көмек ала алмай отыр.

Үшінші өтініш иесі Жұмадилов Еркін жалғызбасты әке. Зайыбынан ажырасқан. Балаларына алимент алмайды. Өзі мал дәрігері болып жұмыс жасайды. Екі баласы бар. Үлкені студент. Баласы Маукенов Ерасыл 8 б сыныбында оқиды. Айлық табысы күнкөріс деңгейінен асып кеткендіктен әлеуметтік көмек алмайды.

Төртінші өтініш иесі Маденова Айжан, Жалғызбасты ана. Жолдасы қайтыс болған. 2 баласы бар. 10 б сыныбында баласы Ниязбеков Санжар оқиды. Айжан өзі мектеп асханасында жұмыс жасайды. Табысы және балаларына алатын жәрдемақысы күнкөріс деңгейінен асып кеткендіктен әлеуметтік көмек алмайды.

Бесінші өтініш иесі Мұстафина Дария, Жалғызбасты ана. Өзінің тұрақты жұмысы бар. Жолдасымен ажырасқан, алимент алмайды. 2 баласы бар. Дария ата-анасымен бірге тұратындықтан атаулы әлеуметтік көмек алмайды.

Алтыншы өтініш иесі Рысгүл Төлендина. 9 а сыныбындағы Аканова Макпалдың апайы. Макпалдың анасы қайтыс болған. Әкесі қалада жеке негізде жұмыс жасайды. Өскемен қаласында тіркеуде. Әкесі баласының тұрғылықты жерінде тіркеуде тұрмағандықтан әлеуметтік көмек ала алмайды.

Жетінші өтініш иесі Нұрсағиева Айнұр жалғызбасты ана.. 1 баласы бар.. Ерзатқызы Нұрай 6 а сыныбында оқиды. Жолдасы жоқ, қайтыс болған Өзі гардеробта жұмыс істейді. Өзінің табысы мен баласына алатын жәрдемақысы күнкөріс деңгейінен асып кеткендіктен әлеуметтік көмек алмайды.

Сегізінші өтініш иесі Оқасова Жазира Сейтов Рустамның, Сейтова Шырынның анасы. Жазира ауруханада кіші медбике, жолдасы от жағушы, маусымдық жұмыс істейді. Атаулы әлеуметтік көмекті алуға отбасылық табыстың және жеке меншік малдарының болуы себебінен ала алмай отыр.

Тоғызыншы өтініш иесі Ботабаева Жадыра. Көп балалы ана. 4 баласы бар. Жадыра оңалту орталығында жұмыс істейді. Қазіргі уақытта бала күтімінде. Зейнеткер ата - енесімен бірге тұрады. Жолдасы бар. «Бота» ЖШС жұмыс жасайды. Отбасының табысы күнкөріс деңгейінен асып кеткендіктен атаулы әлеуметтік көмек алмайды.

ЖАРЫС СӨЗ:

Қасымов Талғат- кеңес мүшесі: осы өтініштердің арасында, асыраушысы жоқ, екі баласының алатын жәрдемақысынан басқа алатын отбасында кірісі жоқ Түсіпова Маржанды ұсынамын.. Өзі жұмыс істемейді. Жұмыс сұрап көп жерлерге барған екен. Еш жер аламайды. Жұмыс істейтін мүмкіндігі де жоқ. Өйткені балаларды иен тастай алмайды, біреуі таңертең, біреуі түсте оқыса, түнде тіптен болмайды. Тұратын үйі де нашар сарай. Меніңше жағдайын ескеру қажет.

Құнапиянова Лаура - кеңес мүшесі: Бізге мейрамханаға еден жууға, гардеробка кісі таба алмаймыз. Түсіпова Маржанға егер мүмкіндігі болса хабарласып жұмыс ұсынайын. Қалған өтініш берушілердің әлеуметтік жағдайы меніңше жақсы деп ойлаймын.

Шонбаева Бақытжамал- кеңес мүшесі: Біз барлық өтініштерді қарап, жағдайларын салыстырып отырмыз. Мен Түсіпова Маржанға көмек жасағанымыз дұрыс шешім деп ойлаймын. Өйткені жолдасы жоқ. Балалары кішкентай. Оларды үйге иен тастап шығуға болмайды. Түнгі жұмыстарға мүлдем келмейді. Балаларының жәрдемақысы да ештеңеге жетпейді ғой. Мектептен берілетін ыстық тамақ пен оқу формасы біраз болса да көмек қой. Ал қалған өтініш берушілерге келсек, маусымдық жұмыс істейтіндер, маусымдық жұмыстарынан шыққан соң әлеуметтік көмекке құжат өткізуге болады ғой.

Ашумханова Жаннұр- кеңес мүшесі: Мен Аканова Макпалдың әкесі тіркеуде осы жақта болғанда, әлеуметтік көмек алуға болатын еді. Анасы жоқ апайының қарауында. Егер заңдылыққа сәйкес келетін болса ыстық тамақ пен форма алуға тізімге кіргізуге болатын еді. Бақытжамал апайдың Түсіпова Маржан жөнінде айтып жатқанына қосыламын.

Көкенова Жазира – кеңес мүшесі: Адами тұрғыда барлығына көмек жасағымыз келеді. Бірақ әлеуметтік көмек алудың өз заңы мен артында сұрауы бар. Кейбір өтініш берушілердің тұрмысы жақсы деп айтуға болады. Ботабаева Жазираның өзі де,

жолдасы да жұмыс істейді. Зейнеткер ата - енесімен бірге тұрады. Көп балалы болса да тұрмысы, табысы барлығы есептеледі. Мен де кеңес мүшелері ұсынып отырған адамды ұсынамын.

Қалтаева Айжан – кеңес мүшесі: Кеңеске өтініш берушілердің әлеуметтік жағдайымен Бөкенов Бауыржан таныстырып өтті. Әрқайсысының әлеуметтік жағдай әр түрлі. Мен Жұмадилов Еркінді ер азамат. Екі баласын өзі асырап бағуға толық шамасы бар деп ойлаймын. Үлкен баласы студент, магистратурада оқиды. Бос кезінде ол да табыс табатын шығар деп ойлаймын. Окасова Жазира да өзі де, жолдасы да жұмыстары бар. Жеке шаруашылығында малдары бар. Жағдайлары төмен деп айтуға келмейді. Әлеуметтік көмекті шын мәнінде мұқтаж адамдарға беру керек.

Кабиева Раушан – кеңес мүшесі: Мен Шағыманова Жадыраны ұсынар едім. Жолдасы болса да, бір адамның табысы, балағы алатын жәрдемақы, төрт баланың киім, тамағына жетпей де қалуы мүмкін. Өзі мүгедек балаға қарап отырғандықтан жұмыс істей алмайды. Бірақ біз ұсынғанымызбен әлеуметтік көмек алу заңына қайшы болғандықтан, заңнан асып ештеңе істей алмаймыз.

Қайырбаева Күльбану – кеңес мүшесі. Мұстафина Дария, Маденова Айжан, Нұрсағиева Айнұр жалғызбасты аналар. Ер адамсыз бала өсіріп тәрбиелеу әйел адамға ауыр. Бұл кісілердің балаларын ыстық тамақ пен форма алуға ұсынар едім. Зандылығына сәйкес келсе.

ШЕШІМ:

1. Оқушыларды ыстық тамақ және оқу формасымен қамту ҚР заңнамасы бойынша жүзеге асырылсын.
2. Әлеуметтік жағдайын ескере отырып, Түсіпова Маржанның өтініші қанағаттандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

О. Исанова

О.Исанова

Хатшы:

С. Бітібаева

С.Бітібаева

**«Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ қамқоршылық кеңес отырысы
№ 3 ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ**

31.01.2020 ж

Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы

Қатысқандар: 9 адам (қамқоршылық кеңес мүшелері)

Қатыспағандар: 4

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2020-2021 оқу жылында тегін оқу формасымен, ыстық тамақпен қамтамасыз етуін сұрап, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Бөкенов сөз алды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысымен таныстырып өтті.

Міне, осы қаулыны негізге ала отырып, 6 сынып оқушысы Найманғазин Нұрасылдың анасынан түскен өтінішті қарап, қанағатандыру мақсатында кеңес отырысына ұсынып отырғандығын айтты.

Өтініш иесі Түсіпова Маржан, баласы Найманғазин Нұрасыл 6 а сыныбында оқиды. Екі баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Өзі жұмыс істемейді. Басқа табыс көзі жоқ, жәрдемақымен күнелтіп отыр. Екі баласы әртүрлі аусымда екі мектепте оқиды және баспанасы жаздық сарай. Түнгі уақытта жұмыс істеуге мүмкіншілігі жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды, тұрақты жұмысы жоқ. Осы кеңес отырысының 31.01.2020 жылы №2 шешімі бойынша тегін ыстық тамақпен қамтылып келді. Жүректен- жүрекке акциясы аясында, сумка және оқу құралдармен қамтылды. Қашықтықтан оқыту барысында тегін вай-фай роутермен қамтамасыз етілді..

ЖАРЫС СӨЗ:

Қасымов Талғат- кеңес мүшесі: өтінішті қанағаттандыру дұрыс деп есептеймін.

Шонбаева Бақытжамал- кеңес мүшесі: Біз өтініш иесінің жағдайымен таныспыз, оқушы толық оқу формасымен қамтылуы керек. Ол отбасы үшін үлкен көмек болар еді.

Ашумханова Жаннұр- кеңес мүшесі: Түсіпова Маржан асыраушысы жоқ, екі баланы жәрдемақымен асырап отырған болса оқу формасынан басқа да қандай да бір көмектер көрсетілуі керек деп есептеймін.

Исанова Орынжамал -кеңес төрайымы: мен де өтініш иесінің өтінішін қанағаттандыру керек деп санаймын және күзде «Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық шараларын ұйымдастырып көмек көрсетеміз деп ойлаймын.

ШЕШІМ:


1. Тегін оқу формасымен, ыстық тамақпен қамту ҚР заңнамасы бойынша жүзеге асырылсын.
2. Әлеуметтік жағдайын ескере отырып, аз қамтылған отбасы ретінде ата-ана Түсіпова Маржанның өтініші қанағаттандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



О.Исанова

Хатшы:



С.Бітібаева

«Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ қамқоршылық кеңес отырысы
№ 1 ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

17.01.2020 ж

Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы.

Төрағалық етуші: Исанова О. – қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Қатысқандар: 12

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі директорының қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитеті алдындағы 2018-2019 оқу жылы және 2019-2020 оқу жылының 1-жарты жылдығы бойынша атқарылған жұмыстарының есебі

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-лицейінің директоры Қ.А.Ислямов 2018-2019 оқу жылында 43 оқушы бітіргендігі, олардың 10 оқушы «Алтын белгі» иегері, 6 оқушы «Үздік аттестат» иегері болғандығын айтты. ҰБТ-ге 43 оқушы қатысып, 40 оқушы мемлекеттік грант иегерлері атанды және орта балл 87,7 болды.

Биылғы, 2019-2020 оқу жылында 43 мұғалім жұмыс атқаруда. Барлығы да жоғары білімді, 1 мұғалім педагог-шебер санатына, 10 мұғалім педагог-зерттеуші санатында, 4 мұғалім педагог-сарапшы санатында, 1 мұғалім педагог-модератор санатында, 7 мұғалім жоғары санатты, 6 мұғалім бірінші санатты, 6 мұғалім екінші санатты, 8 мұғалімде санаты жоқ. 31 мұғалім жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтардың білімін жетілдіру курстарынан өткен. 8 мұғалім ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыру деңгейлік бағдарламалары аясында 1-2-3 деңгейді бітірген.

2019-2020 оқу жылында педагогтардың қашықтықтан пән олимпиадаларына 6 мұғалім қатысып жүлделі орындарға ие болды.

2019-2020 оқу жылында Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейінде 5-11 сыныптарда 314 оқушы оқып жатыр. 14 сынып комплектісі бар, интернатта 26 оқушы тұрады. 11 сыныпты 40 түлек аяқтағалы отыр. 18 оқушы алтын белгіге үміткер, 5 оқушы үздік аттестат алуға үміткер аттанды. Мектеп-лицейінің 2019-2020 оқу жылының 1-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша 5-11 сынып оқушыларының білім сапасы 78,3 пайыз, үлгерімі 100 пайызды көрсетті. 2019 жылы 22 қарашада Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейінің базасында «Математиканы оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы білім сапасын арттыру» тақырыбында математика пәнінен аудандық семинар өткізілді. Математика пәнінің мұғалімдері Т. Мамырбеков, Г. Адилбекова, Н.Нұрханова, Г.Рахметоллаевалар өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, шеберлік сабақтар өткізгендігі туралы айтып өтті.

Және пән олимпиадалары мен «Iqanat» конкурсына, президенттік олимпиадалар мен қашықтан болатын «Айналайын», «Ақ бота», «British Bulldog», «Русский медвежонок» олимпиадаларына қатысқан оқушылардың жетістіктеріне тоқталды. Республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңіне, мектепшілік олимпиададан жеңген 8-11 сыныптардан 47 оқушы қатысып, 33 оқушы 1-2-3 орын жеңімпаздары аттанды. 9-11 сыныптардан 8 оқушы облыстық пән олимпиадасына қатысып, 3 оқушы жүлделі 2-3 орындар алды. Атап айтқанда математика пәнінен 11 сынып оқушысы Апешова Аяжан 3 орын (мұғалімі Мамырбеков Т.З.), құқық пәнінен 10 сынып оқушысы Қажымұратова Гүлім 2 орын (мұғалімі Бөкенов Б.А.) география пәнінен 10 сынып оқушысы Айдыңқызы Айым 3 орын (мұғалімі Қанагатов О.А.) иеленді.

2019 жылы желтоқсан айында Оңтүстік ауданында өткен және Е.В. мән жасайтын ІІ Республикалық Абай олимпиадасының облыстық кезеңінде 9 сынып оқушысы Құрманжанова Жанерке ІІІ орынға ие болды.

Тәрбие саласының қандай құрылымдар бойынша жұмыс жүргізілгенін білуге және жоспар бойынша жүйелі жұмыстардың жүргізілуін және алуан түрлі жағдайлардағы сәттілік мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы елді мекендері бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар мен басына шаққандағы тиымсыз ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілерге және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардан салдарынан шұғыл жарлемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және оңтүстік ауданының білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бағытталған «Жалпыға міндетті оқуға қамту қорының» белгіленген қаржылар мен олардың иіс елуі туралы мәлімет берді. Атап айтсақ: 2018-2019 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы аясында қордан 81 000 теңге бөлініп, 9 оқушыға берілді. Жаз айларында ауданымыздағы «Сәуір» лагеріне 5 оқушы (45 000 тг), Катон-Қарытай елді мекенінде орналасқан «Сұңқар» лагеріне 3 оқушы (120 000 тг) тегін демалып қайтты. Жалпыға оқуға қамту қоры есебінен 2019-2020 оқу жылында 744040 теңге бөлініп 46 оқушы (көп балалы ат қамтылған отбасынан 22, аз қамтылған отбасынан 14, көп балалы қамтылған отбасынан 10 оқушы) тегін оқу формасымен қамтылды. 2019 жылдың наурыз-желтоқсан айларында 14 оқушы (369600 тг) тегін ыстық тамақпен қамтылды, 27 желтоқсанда аудан әкімінің жана-жылдық шыршасына 3 оқушы (84 000 тг) қатысып, сыйлықтар алғандығын айтты. Мектеп бойынша қалайсыз отбасылар жоқ және мектепшілік есепте, шикі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылар жоқ екендігі туралы айтылды.

Қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитеті мүшелері жоғарыда айтылған директордың есебін тыңдай отырып, ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.

ЖАРЫС СӨЗ:

Көкенова Жазира-қамқоршылық кеңес мүшесі ата-ана: Мен мектеппен тығыз байланыстамын деп айта аламын, оқу-тәрби жұмыстарының ұйымдастырылуына көңілім толады. Директордың есебіне жақсы деген баға беремін.



Рахымжанов Нурлан-ата-аналар комитетінің төрағасы: Мен ата-аналар өкілі ретінде осы мекеменің жиналыстары мен «Жалпыға міндетті оқуға қамту қорының» комиссия мүшесі ретінде отырыстарға қатысып келемін. Бөдім биыл ІІ сынып бітіреді, «Алтын белгі» белгісіне үміткер, директордың және ұжымының жұмысына көңілім толады, тек оқып отырған ғимараттың талаптарға сай болмағандығы қынжылтады. Ұсынысым мекеме осы жылы басқа ғимаратқа көшірілмеген жағдайда, материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаржы бөлінуіне қол жеткізсек.

Тусупханова Назира-қамқоршылық кеңес мүшесі, жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор: Мен мектеп жасындағы оқушылармен жұмыс жасап келемін, мектептің тәрбие саласына көңілім толады, тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап келеміз, директордың есебінде айтылған мәліметтермен келісемін.

ШЕШІМ:

К.Биязов атындағы мектеп-лицейі директорының қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитеті алдындағы 2018-2019 оқу жылы және 2019-2020 оқу жылының ІІ-жарты жылдығы бойынша атқарылған жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп бағалынсын, ұсыныс-пікірлер ескерілсин.

Қамқоршылық кеңес төрайымы
Хатшы


О. Исанова

С. Битбаева

**« Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ
ата-аналары жиналысының № 2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 4.11.2020ж

Қатыскандар: 92

Күн тәртібі:

1. Қашықтықтан оқыту кезінде аз камтылған және көп балалы отбасылары балаларын ноутбуктармен, компьютерлермен, роутерлермен камтамасыз ету бойынша есеп беру / Мектеп-лицей директоры: Қ.Ислямов/
2. Пандемия кезінде коронавирустық инфекциясының таралуының алдын-алу мақсатындағы жұмыстар туралы. / ДТІЖО Б.Бөкенов/
3. Оқушылар және ата-аналардың пандемия кезіндегі кезіндегі қауіпсіздігінің сақталуы. / Қамқоршылық кеңес төрайымы: О.Исанова/

Сөйлегендер:


Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицейінің директоры Қ.Ислямов білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің , білім-беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын камтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ пандемия кезінде COVID-2019 инфекциясының алдын алу кезіндегі бұйрықтармен таныстырды және аз камтылған және көп балалы 20 оқушы ноутбукпен 20 оқушы роутермен камтылғандығы туралы ақпарат берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие ісі жөнәндегі орынбасары Б.Бөкенов пандемия кезеңінде коронавирустық инфекциясының алдын-алу мақсатындағы жұмыстар туралы ақпарат бере отырып, алдын-алу шаралары бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы О.Исанова сөз алып, оқушылар мен ата-аналардың пандемия кезіндегі қауіпсіздігін сақталуы бойынша жүргізілген сақтық шаралары бойынша ақпарат берді және ата-аналарға ескертпелер жасады.

Шешім:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша онлайн түрде төтенша жағдайдағы сақтық шаралары бойынша іс-шаралар жүйелі жүргізілсін.

Төраға  Ислямов Қайрат Аманбекович

Хатшы  Дососова Қуаныш Кинаятовна

«Қ.Билалов атындағы мектеп-лицей» КММ бойынша қамқоршылық кеңес отырысы
ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

27 тамыз 2020 жыл Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы

Қатысқандар : 9 адам қамқоршылық кеңес мүшелері

Қатыспағандар: 4

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.Қайырымдылық көмек көрсету акциясын ұйымдастыру.
- 2.Қайырымдылық көмек беруден түскен табыстарды аз қамтылған отбасылар бөлу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы

2. Исанова Орынжамал Тайтулеуовна өз пікірін білдірді.

ЖАРЫС СӨЗ

Құнафиянова Лаура Ермековна қамқоршылық кеңес мүшесі: Қайырымдылық жасасаң қайырын өзің көрерсің деген халқымызда нақыл бар. Осындай шаралардан қалыс қалмаймыз. Мен де өз көмегімді беремін. Кеңестің басқа да мүшелерін көмек жасауға шақырамын.

Көкенова Жазира Кусайыновна қамқоршылық кеңес мүшесі. Қайырымдылықтан түскен табыс өте мұқтаж отбасы балаларына берілсе. Мен де өз үлесімді қосамын.

ШЕШІМ:

Қайырымдылық шарасын ұйымдастыру тәрбие ісінің меңгерушісі Б. Бөкеновке тапсырылсын.

Қайырымдылықтан түскен табысты қадағалап, отбасыларға табыстау кеңес мүшелеріне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: *О. Исанова* О. Исанова

Хатшы: *С. Бітібаева* С. Бітібаева

Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің
әдіскері А. Муслимоваға «Қ. Билялов атындағы
мектеп – лицейі» КММ жанынан құрылған
қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы

Хабарлама

Қ. Билялов атындағы мектеп - лицейінде Қамқоршылық кеңесі 2019 жылдан жұмысын бастады. Қамқоршылық кеңес құрамында 13 мүшесі бар. Қамқоршылық кеңесінің жоспарына сай 2021 жылы 4 отырысы өткізілді. 1-отырыс сәуір айында мектеп оқушыларын тегін оқу формасымен, тегін аяқ киіммен қамтыу мақсатында оқушылардың санаттары анықталып, шешім шығарылды. Оқу жылының басында оқу формасымен, қараша айында тегін қыстық аяқ киімдермен 67 оқушы қамтылды. Тамыз айында «Мектепке жол акциясы» аясында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету мақсатында 2-отырыс өткізіліп, аз қамтылған 6 отбасы көп балалы 5 отбасының балалары оқуға қажетті оқу құралдарымен, сумка, спорттық киімдермен қамтылды. Және «Туған жерге тағзым» акциясы аясында мектеп түлектерімен байланыс жасап, 2001 жылы мектеп бітірген түлектер мекемеге құны 380000 мың 40 дана жұмсақ орындық сыйға тартты. 2021-2022 оқу жылы басталғаннан аз қамтылған және толық жетім 22 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып келді. Мектеп-лицейінде толық жетім санатында 2 оқушы бар. Асылбекова Ажар 10 сыныпта, Қадір Нұрай 8 сыныпта оқиды. Аталған оқушылардың тұрын үйіне тұрмыстық зерттеу жүргізіліп отырылады, қамқоршыларымен байланыстамыз. Биылғы оқу жылында мектеп-лицейінің 5- сыныбына түскен Тұрсынбек Ерхан деген оқушының ана-анасы ажырасып, кейін анасы қайтыс болғаны анықталып, нағашы апа-атасымен бірге тұрады. Қазіргі уақытта апасы Баймулдина Бакытжамал өз қамқорлығына алу туралы құзырлы органдарға арыз беріп, жұмыстар жасалуда. 3-отырыс қараша айында өттәп, «Аз қамтылған» отбасы балаларын аудан әкімінің шыршасына қатысуға байланысты оқушылардың санаты мен күнкөріс жағдайына қарап, үш оқушыны анықтап, сұраныс жіберілді. Және ол оқушыларға аудан әкімінің сыйлығы мен құттықтауы жеткізілді. 4-отырыс желтоқсан айында өткізілді. Күн тәртібінде 2022 жылы тегін оқу формасымен тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың санаты анықталып, 22 оқушы тегін ыстық тамақпен, 75 оқушы тегін оқу формасымен қамтылатын болды. Және осы жылға қорытынды жасалып, келесі жылға жоспар талқыланып, бекітілді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: О.Исанова

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: С.Бітібаева

«Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ қамқоршылық кеңес отырысы
№ 4 ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

04.08.2020 ж

Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы

Қатысқандар: 8 адам (қамқоршылық кеңес мүшелері)
Қатыспағандар: 5

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2020-2021 оқу жылында тегін оқу формасымен, ыстық тамақпен қамтамасыз етуін сұрап, өтініш берген Бақытбек Шыңғыстың отбасының әлеуметтік жағдайын анықтау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Бөкенов сөз алды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысымен таныстырып өтті.

Міне, осы қаулыны негізге ала отырып, 6 сынып оқушысы Бақытбек Шыңғыстың анасынан түскен өтінішті қарап, қанағатандыру мақсатында кеңес отырысына ұсынып отырғандығын айтты.

Өтініш иесі Бөкенова Асел, баласы Бақытбек Шыңғыстың 6 б сыныбында оқиды. Екі баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Өзінің тұрақты жұмыс жоқ, қазіргі уақытта сатушы болып дүкенде жұмыс істеп жүр. Басқа табыс көзі жоқ, жәрдемақымен күнелтіп отыр. Екі баласы әртүрлі аусымда екі мектепте оқиды.

ЖАРЫС СӨЗ:

Исанова Орынжамал - кеңес төрайымы: Мен өтініш иесінің өтінішін қанағаттандыру керек деп санаймын, бізге осы уақытқа дейін өтініш білдірмегендіктен жағдайын білмедік. Күзде «Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық шараларын ұйымдастырып көмек көрсетеміз деп ойлаймын.

Шонбаева Бақытжамал - кеңес мүшесі: Біз өтініш иесінің жағдайымен таныспыз, оқушы толық оқу формасымен қамтылуы керек. Ол отбасы үшін үлкен көмек болар еді.

Ашумханова Жаннұр - кеңес мүшесі: Бөкенова Асел асыраушысы жоқ, екі баланы жәрдемақымен асырап отырған болса оқу формасынан басқа да қандай да бір көмектер көрсетілуі керек деп есептеймін.

Қасымов Талғат - кеңес мүшесі: өтінішті қанағаттандыру дұрыс деп есептеймін.

ШЕШІМ:

1. Оқу формасымен және ыстық тамақпен қамту ҚР заңнамасы бойынша жүзеге асырылсын.
2. Әлеуметтік жағдайын ескере отырып, аз қамтылған отбасы ретінде ата-ана Бөкенова Аселдің өтініші қанағаттандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

О.Исанова

Хатшы:

С.Бітібаева